

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ  
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,  
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен  
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясы материалдарының**

**ЖИНАҒЫ**

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

*Конференция АР23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.*

ӘОЖ 80/81+821  
ББК 81.2+84  
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.  
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,  
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 2-т. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 280 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821  
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

6.Топтық және жұптық жұмысқа көңіл бөлу. Виртуалды ортада да оқушыларды өзара сөйлету керек. *Zoom breakout rooms, Jamboard* сияқты құралдар топтық диалог пен пікірталас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [2].

7.Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру. Цифрлық портфолио немесе электрондық күнделік арқылы оқушылар өз жетістігін, әлсіз тұстарын көріп, өз бетінше даму жоспарын құра алады [3].

8.Мұғалімнің үздіксіз цифрлық құзыреттілігін арттыру. Педагогтар EdCrunch, Coursera, Stepiк сияқты платформаларда онлайн курстардан өту арқылы өз кәсіби дағдыларын жетілдіруі қажет. Бұл жаңа әдістерді тәжірибеге енгізуге көмектеседі

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуда цифрлық білім беру құралдарын қолдану оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін айтарлықтай арттырады. Интерактивті платформалар мен мультимедиялық материалдар оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде дамытады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар оқыту процесін дараландыруға, оқушылардың мотивациясын араттыруға және шығармашылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Дегенмен, техникалық, әдістемелік және психологиялық кедергілерді ескеріп, дәстүрлі және цифрлық әдістердің үйлесімді балансын сақтау қажет. Осыған байланысты мұғалімдерге цифрлық құралдарды мақсатты және педагогикалық тұрғыдан негізделген түрде қолдану ұсынылады. Цифрландыру тек технологияны пайдалану емес, ол – оқыту мәдениетін жаңарту, оқушының белсенді қатысуына бағытталған жаңа парадигма қалыптастыру. Зерттеу нәтижелері орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге, тілдік білім сапасын арттыруға және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Сәрсенова Г. (2022). Қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі.- Білім берудегі инновациялар, №3, 45-50 б.
2. Мұқанова Л. (2021). Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы цифрлық құралдардың рөлі. – Педагогика және психология, №2, 87-92 б.
3. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. (2023). State Program for Digitalization in Education 2023-2027. – Astana: MES RK.
4. Hymes D. (1972). On Communicative Competence. In Sociolinguistics: Selected Readings (pp.269-293). Penguin.
5. Canale, M., & Swain, M. (1980). Theoretical Bases of Communicative Approaches to Second Language Teaching and Testing. – Applied Linguistics, 1 (1), 1-47.
6. Bilimland.kz. 2024. Интерактивті сабақтар мен тесттер жинағы. Қолжетімді: <https://bilimland.kz>

## ҰСТАЗ – ҚҰНДЫЛЫҚ ТАСУШЫ ТҰЛҒА

Ниязбек А.А.

4-курс студенті. Ғылыми жетекшісі: Ш. Қапантайқызы, Астана, Қазақстан.

«Ұстаз талантты болса, шәкірт талапты болады» дейді халық даналығы. Ұстаз болып ұлтқа қызмет ету кез келген жанның қолынан келер оңай шаруа емес. Себебі ұстаздық ету – шәкірттің алдағы өміріне жауапкершілік алу. Қазақ қоғамы ежелден-ақ ұстазды құрметтеп, қадір тұтқан. Алаш зиялысы Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі», – дейді [ 2]. Себебі балаға тәрбие мен тәлімді қатар үйретіп, шәкіртінің алдына түсіп, шам ұстар бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. Бұл орайда Жүсіпбек Аймауытов та ұстаздың тұлғалық қалыптасу жолындағы рөлін айрықша атап өтеді: «Адамның өзін тану, өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе, жастардың басында: олар тәжірибесіз, көңілді, ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынай алмайды. Өмір жолдары сан тарау. Жастар тоқсан жолдың торабында, қай жолға түсерін білмей, дағдарды.

Егер жазатайым теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкініші кетпейді» [3]. «Ұстаз – болашақтың ұстасы» деген сөз осыдан шығады.

Кейінгі кезде білім беру саласында басты тақырып болып, көтеріліп жүрген тағы бір мәселе – құндылыққа негізделген оқыту жүйесі. Әрбір мұғалім өз сабағында оқушыларға қай құндылықты үлгі ететінін, тақырыппен қалай байланыстыратынын ойланатыны белгілі. Ұлттық құндылықтарымыз ұмытылып, жаһандану жолында жұтылып бара жатқан шағымызда бұл сұрақтардың мәні терең, салмағы ауыр. «Әрбір адам, әрбір ұлт, әрбір мемлекет үшін мәдени әлемінің мазмұнын құраушы құндылықтар болмаса, біз хаоста тіршілік етер едік. Ал дағдылар бізді өз ісіміздің майталман маманы болуға жетелейді» [4]. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Сөзінді түзе – әдетіне айналады, әдетің – мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың», – деп жазады. Расымен, біздің бүтін бір тағдырымыз – кішкентай ойымыздың жемісі. Ойдан – сөз, сөзден – іс, одан әдет қалыптасатынына сіз бен біздің тараптан еш күдік жоқ. Сол үшін бүгінгі ұстаз ең алдымен баланы дұрыс ойлауға, әдемі сөйлеуге, қоршаған орта мен бүкіл адамзатты құрметтеуге үйретуі, үйретіп қана қоймай, үлгі көрсетуі лазым. Себебі, білімнен бұрын шәкірттің жан әлеміне үңіліп, тәрбие үйретпесе, бүгінгі білім – ертеңгі қасірет болуы ғажап емес. Бұл хақында «Екінші ұстаз» атанған Әл-Фараби: «...Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деп сөз қозғайды. Демек, ақылды ұстаз баламен дос бола отырып, дұрыс әрекетке, одан кейін білімге баулиды. Сонда ғана халқы қалап, елі де елейтін азаматтар көбейеді.

«Адам баласын жақсы тәрбиелеу керек дейміз. Жақсы тәрбиенің мақсаты не болмақ? Әр нәрсенің бір көздеген мақсаты болу керек. Мақсатсыз іс қылуға болмайды. Жолаушы жолға шыққанда бір мақсатты ойлап шығады; шығып алған соң ойланбайды. Сол сықылды тәрбиенің мақсаты болуға тиіс» [6]. Ж.Аймауытұлының бұл пікірі тәрбиенің түпкі мәнін айқындайды. Расымен, тәрбие беру жолында мақсат қойылмаса, бұл кемедегі оқушыны да, бүгінгі қоғамды да белгісіздікке қарай жетелейді. Сондықтан ұстаз үшін әр тәрбиелік ықпал, әрекеттің түпкі мақсатының айқын болуы маңызды. Ұстаздық жолында жүрген әрбір маманның негізгі түпкі мақсаты біреу-ақ. Ол – жеке тұлғаның адамдық болмысын қалыптастыру, оның рухани және морльдық қасиетін ояту. Бүгінгі құндылыққа негізделген оқыту жүйесінің мәні де осында: әрбір сабақ пен әрекетті өмірмен сабақтастыра отырып, адамдық пен ізгілікке баулу. Сонда ғана білім тек ақпарат беру құралы емес, тұлғаның өзін тану, өз жолын табудағы басты күшке айналады.

Оқушының тұлға болып қалыптасу жолында мектеп қабырғасындағы әрбір ұстаздың еңбегі зор. Десе де, ұлттық құндылықты қалыптастыру мен тәрбие жөнінде басты орын алып, бір саты жоғары шығатындар – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері. Себебі тұлға тәрбиесі ана тілінен басталады. Ана тілі арқылы бала өз халқының мәдениетін, рухани әлемі мен тарихын танып, ұлттық болмысты өне бойына сіңіреді. Көркем шығарманы оқыту да оқушының сана-сезіміне, руханиятына айрықша әсер етеді. Мұндай мәтіндер баланың ішкі әлемін байытып қана қоймай, оның дүниетанымын қалыптастырады, жақсы мен жаманды, қатыгездік пен мейірімділікті айыра білуге үйретеді. Демек көркем әдебиет – тәрбиенің ең қуатты, бірегей құралдарының бірі. Бұған Қанипа Бітібаеваның: «Әдебиет – адамтану құралы» болса, әдебиет пәні – «адам тәрбиелеу құралы», - деген пікірі дәлел бола алады [7].

«Тіл – тіршілік құралы. Тіл үйрету (оқу, жазу, сөйлеу үйрету мағанада) сол тіршілік құралын жұмсауды үйрету. Олай болса, тіл үйрету өнері тұрмыс өнері болмақ. Тұрмыс өнері өзінің тұрмыстағы байласқан нәрсесінің түріне қарай тұрмыспен бірге өзгермек», - деген Ахмет Байтұрсынұлы қағидасы бүгінгі ұстаздар үшін де өзекті [1]. Себебі тіл арқылы бала тек сөз үйренбейді, ойлау, сезіну, бағалау мәдениетін қалыптастырады. Бұл тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері білім берумен қатар, ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды дарытушы тұлғалар болып табылады.

Қазіргі құндылықты бағдар еткен білім беру жүйесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мүмкіндігі өте зор. Әрбір мәтін, әрбір көркем шығарма – адамгершілік, ұлтжандылық, мейірімділік, жауапкершілік сияқты қасиеттердің кілті. Мұғалім сол құндылықтарды аша білу арқылы баланың ішкі дүниесіне жол табады.

Мәселен, бәрімізге таныс «Абай жолы» романын оқыту барысында оқушыларға әке мен бала арасындағы байланыс, ұлттық болмыс пен танымның терең мәнін жеткізуге мүмкіндік бар. Мұндай сабақтар арқылы ұстаз шәкіртке көркем туындыны түсіндіріп қана қоймай, өмірлік ұстаным мен адамдық құндылықтарға бағыт береді. Әдеби кейіпкерлер тағдыры арқылы бала өз мінезін, өз ортасын, тіпті, болашақ өмір жолын да ой елегінен өткізеді.

Педагогикалық практика барысында байқағаным – қазіргі оқушыларға ұлттық болмыс пен құндылықтар туралы ақпаратты құр сөзбен емес, өмірмен байланыстырып, көркем шығармадан алынған мысалдар арқылы жеткізген әлдеқайда тиімді. Мәселен, шығарманы жай мазмұндап шығудан гөрі, оның астарлы мәнін ашу, оқиға себептерін салыстыру, кейіпкер әрекеттерін қазіргі өмірмен байланыстыра талдау оқушылардың қызығушылығын арттырып, есте сақтау қабілетін күшейтеді.

Мұндай әдіс оқушыны жаңа ғана білім алушы деңгейінен жоғары көтеріп, ойланушы, талдаушы, сезінуші тұлғаға айналдырады. Тілді үйретудің мәні – баланың рухани әлемін тіл арқылы байыту. Демек ұстаздың құндылыққа негізделген әр сабағы – шәкірттің өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын маңызды мектеп. Мінезі де, болмысы мен жаратылысы да әр басқа, бір емес бірнеше балаға қатар білім беріп, әріп үйреткен, өмірді танытқан ұстаздардың әр күні ерлікпен тең. Ұлт ұстазы атанған А. Байтұрсынұлы бала оқытуды өнерге теңеп: «Үйрету деген өнер. Өнердің шені-шетіне ешкім жете алмайды: Өнер артыла береді, жетіле береді. Оны осы күнгі Өнерлі жұрттардың істері көрсетіп отыр... Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету бұ да өнер», – деп өз бағасын береді [1]. Ойланып қарасақ, бұл сөздің жаны бар. Ұстаз бір әріпті үйретпек үшін әр баланың қабылдау ерекшелігіне сай етіп әртүрлі әдіс-тәсілді қолданады. Бір тақырыпты меңгерту үшін 5-6 әдіс-тәсіл қолданып, тәжірибе жасайды, сараптама жүргізеді, баланың ішкі әлемін зерттейді. Сондықтан, бұл – жай ғана сабақ өту емес, баланың психологиялық және танымдық қабілеттерін ашу, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін терең ұғыну арқылы соған бейімделе отырып оқыту үдерісі.

Нағыз ұстаз – бала мен ата-ана, мектеп пен қоғам арасындағы алтын көпір. Ол тек пән мазмұнын ғана оқытып қоймай, бала бойына адами қасиеттер дәнін егеді. Оны күтіп, баптап өмірлік бағдар береді. Сондықтан да, ұстаз еңбегінің өзегі – тәрбие мен білімнің бірлігінде, ал оның шынайылығы шәкірт жадында қалдырған ізімен өлшенеді.

«Ал сенің еңбек жемісің

Өзгеше тіпті басқадан:

Ол өзін арнап ел үшін

Осынау жүрген жақсы адам», – деп жырлайды Фариза Оңғарсынова. Бұл өлең жолдары – ұстаз еңбегінің ең көркем жемісі. Бәлкім, күллі шәкірт өлең құрау қасиетіне ие болса, ұстазы жайлы жарыса қалам тартар ма еді, кім білсін?! Оқығанда жүрек тербетер осынау ғажап шумақтардың тууына сеп болған ұстаз – өз шәкіртінің жан әлеміне кілт тапқан, оған терең бойлап, ыстық орынға жайғасқан асыл да ардақты жан. Өн бойынан нәзіктік пен тазалық, елге деген сүйіспеншілік жыр болып төгілген Фариза апамызды бүгін біз шәкіртке үлгі ете дәріптейміз. Өмірін оқытып, өлеңін жаттатамыз. Бұл – ұстаз еңбегінің ақталғанының, ұстанымының жүзеге асқанының айнымас белгісі.

Ж. Аймауытовтың: «Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғамыз...» – деген сөзі ұстаздық борыштың мәнін терең ұғындырады [5]. Ұстаз еңбегінің түпкі мұраты – жеке бастың емес, ұлттың болашағына қызмет ету. Сондықтан да, құндылыққа негізделген оқыту жүйесінде ұстаздың басты миссиясы – шәкірт бойында адамгершілік, еңбексүйгіштік және отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырып, қоғамның өркендеуіне үлес қосатын саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сондықтан қазіргі заманда ұстаз тұлғасы тек білім беруші емес, қоғамның рухани және адамгершілік бейнесін қалыптастырушы жетекші күшке айналып отыр. Ұстанымы берік ұстаз – өз ісіне адал, шәкірттің ішкі жан дүниесіне үңіле алатын, оның өмір жолына бағыт-бағдар беретін тұлға. Мұндай ұстаз шәкіртті тек ақпарат алушы емес, ойлай білетін, әрекетке қабілетті, адамдық құндылықтарды бойына сіңірген азамат ретінде қалыптастырады.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ақымет. Ана тілінің әдісі 1927. №9 (24). 23-31-б. Мақаланы араб жазуынан орыс графикасына түсіріп, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» атты журналында (Алматы, 2000) жариялаған – О.Жұбаева.
2. Жумабаев М. Педагогика. - Алматы: «Marfu Press» баспасы. - 2023. 184 бет.
3. Аймауытов Ж. Психология. Жан жүйесі және өнер таңдау. Алматы. Рауан. -1995. -311 б.
4. Смағұлова Г., Өтеген Б. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқыту.
5. Жүсіпбек Аймауытұлы нақыл сөздері. Әдеби-танымдық басылым. Құрастырған, алғы сөзін жазған С.Б. Жұмағұл. – Қарағанды: ЖШС «TENGRİ Ltd», 2021. – 28 б.
6. Жүсіпбек Аймауытұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1999.- 5-т.-131-138 б.
7. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 285 б.

## **ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Нургазина А.С.**

*№97 мектеп-гимназия, Астана, Қазақстан.*

Бүгінгі таңда мектептің басты міндеті – жан-жақты дамыған, өз ұлтының рухани байлығын бойына сіңірген, ізгілікті, мәдениетті тұлға қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда оқылым әрекетінің маңызы ерекше. Себебі оқылым – оқушының дүниетанымын кеңейтіп, ойлау мәдениетін, құндылық бағдарын қалыптастыратын жетекші әрекет түрі.

Оқылым тек техникалық дағды емес, ол — тұлғаның ішкі дүниесіне әсер ететін, ой-сезімін тәрбиелейтін, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіретін рухани үдеріс. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді инновацияландыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Осындай міндеттердің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Оқылым әрекеті – оқушының мәтінді қабылдап, түсініп, талдап, өз көзқарасын қалыптастыру процесі. Бұл әрекет барысында бала: логикалық ойлау қабілетін дамытады; оқығанын өз өмір тәжірибесімен байланыстырады; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге үйренеді. Құндылық бағдар – адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін бағыттайтын рухани және мәдени өлшемдер жиынтығы. Оқушы бойындағы басты құндылықтар: адамгершілік, еңбекқорлық, патриотизм, құрмет пен жауапкершілік, адалдық пен мейірімділік. Бұл құндылықтарды қалыптастыруда оқылатын мәтіннің мазмұны мен оны түсінуге бағытталған әдіс-тәсілдердің рөлі зор.

Бүгінгі таңда функционалды сауатты оқушы – білім сапасының көрінісі. Себебі заман талабына сәйкес тек академиялық сауаттылық өмірде жеткіліксіз. Қазіргі білім беру бағдарламасы алған теориялық білімді тәжірибеде, өмірде қолдана алу дағдысына баса көңіл бөледі. Олай дегеніміз, функционалдық сауаттылығы дамыған оқушы мынадай ерекше қабілеттерге ие болады:

- Түрлі тұрмыстық мәселелерді табысты шешеді;
- Түрлі әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынас құра алады және шешім таба алады;
- Адамдармен қарым-қатынас құру үшін оқу мен жазу дағдысын қолдана алады;
- Бір оқиға не құбылыс жан-жақты зерттеліп, бағаланатын кезде пәнаралық байланыс құра алады.